

Алушылардың жекелеген санаттары үшін әлеуметтік көмек көрсету еселігін және әлеуметтік көмек мөлшерін, атаулы құндер мен мереке құндерінің тізбесін белгілеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Индер аудандық мәслихатының 2013 жылғы 27 қарашадағы № 154-V шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 11 желтоқсанда № 2803 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Индер аудандық мәслихатының 2022 жылғы 27 қыркүйектегі № 136-VII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Индер аудандық мәслихатының 27.09.2022 № 136-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына, аудандық әкімдіктің 2013 жылғы 4 желтоқсандағы № 650 қаулысын қарап, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы құндер мен мереке құндерінің тізбесін, сондай-ақ әлеуметтік көмек көрсетудің еселігін осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес белгіленсін.
2. Облыс әкімдігімен келісілген алушылардың жекеленген санаттары үшін атаулы құндер мен мереке құндеріне әлеуметтік көмектің бірыншай мөлшері осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес белгіленсін.
3. Шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік саясат, білім беру, мәдениет, денсаулық сактау, жастар ісі, құқық қорғау, депутат этикасы мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасына жүктелсін (А. Доспаева).
4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2013 жылдың 1 қазаннан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

Аудандық мәслихаттың кезекті XVIII-сессиясының төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

C. Байбосынов

Б. Сапаров

Индер аудандық мәслихаттың 2013
жылғы 27 қараша № 154-V шешіміне 1-
қосымша

**Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесі,
сондай-ақ әлеуметтік көмек көрсету еселігі**

**ЕскеRTУ. 1-қосымша жаңа редакцияда - Атырау облысы Индер аудандық
мәслихаттың 12.05.2021 № 23-VII шешімімен (жарияланған күнінен кейін
күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

№	Атаулы күндер мен мереке күндері	Еселігі
1	Отан қорғаушы күні	Жылyna бір рет
2	Чернобыль атом электростанциясындағы (бұдан әрі – Чернобыль АЭС) апаттың зардабын жою күні	Жылyna бір рет
3	Женіс күні	Жылyna бір рет
4	Қазақстан Республикасының Конституциясы күні	Жылyna бір рет

Индер аудандық мәслихаттың 2013
жылғы 27 қараша № 154-V шешіміне 2-
қосымша

**Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне
әлеуметтік көмектің мөлшерлері**

**ЕскеRTУ. 2-қосымша жаңа редакцияда - Атырау облысы Индер аудандық
мәслихаттың 12.05.2021 № 23-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін
күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

№	Әлеуметтік көмек алушылардың санаттары	Атаулы күндер мен мереке күндері	Әлеуметтік көмектің мөлшері, теңге
	1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері;		1 000 000
	2) майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілеріне қалалардың қорғанысына қатысқаны үшін белгіленген женілдікті шарттармен зейнетакы тағайындау үшін 1998 жылғы 1 қантарға дейін енбек сіңірген жылдарына есептеліп жазылған, сол қалаларда	100 000	

	<p>Ұлы Отан соғысы кезеңінде қызмет еткерген әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары;</p> <p>3) Ұлы Отан соғысы кезеңінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық лауазымдар атқарған не сол кезеңдерде майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілеріне қалалардың қорғанысына катысқаны үшін белгіленген женілдікті шарттармен зейнетакы тағайындау үшін 1998 жылғы 1 қантарға дейін еңбек сінірген жылдарына есептеліп жазылған, сол қалаларда болған Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдамалы құрамының 5 адамдары;</p> <p>4) Ленинград қаласындағы қоршау кезеңінде қаланың кәсіпорындарында, мекемелері мен үйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғаганы үшін" медалімен немесе "Коршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтар;</p> <p>5) Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде</p>	
1		100 000
	Женіс күні	60 000

<p>фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерьлердегі, геттолардағы және басқа да мәжбүрлеп ұсташа орындарындағы кәмелетке толмаған тұтқындар;</p>	60 000
<p>6) бұрынғы КСР Одағын қорғау, әскери қызметтің өзге де міндеттерін (қызметтік міндеттерді) атқару кезінде жарапануы, контузия алуды немесе мертігүй салдарынан немесе майданда болуына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан қаза болған (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің, партизандардың, астыртын әрекет етушілердің, осы Заңың 4 – 6-баптарында аталған адамдардың отбасылары;</p>	30 000
<p>7) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар;</p>	100 000
<p>8) Ұлы Отан соғысының қайтыс болған мүгедегінің немесе женілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамның екінші рет некеге тұрмаган жұбайы (зайыбы);</p>	30 000
<p>9) 1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі</p>	30 000

	мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар.	
	1) бұрынғы КСР Одағының үкіметтік органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс кимылдарына қатысқан Кеңес Армиясының, Әскери-Теніз Флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің басшы және қатардагы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кенесшілерді қоса алғанда);	
	2) оку жиындарына шақырылған және Ауганстанға ұрыс кимылдары жүріп жатқан кезеңде жіберілген әскери міндеттілер;	
	3) Ауганстанға ұрыс кимылдары жүріп жатқан кезеңде осы елге жүк жеткізу үшін жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері;	
	4) бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауганстанға жауынгерлік тапсырмалармен ұшқан ұшу құрамының әскери қызметшілері;	
	5) Ауганстандағы кеңестік әскери контингентке қызмет көрсеткен, жарақат, контузия алған немесе мертіккен не ұрыс кимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және	

	медальдарымен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер;		
2	<p>6) бұрынғы КСР Одағын қорғау, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа кезеңдерде атқару кезінде жарапануы, контузия алуы, мертігіүі салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттерде әскери қызметтің өткери кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер;</p> <p>7) Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезінде жарапануы, контузия алуы, мертігіүі, ауруға шалдығуы салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасылары;</p> <p>8) Тәжікстан-Ауғанстан участкесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шекарасын қорғауды күшету жөніндегі мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес міндеттерін орындаған Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері;</p> <p>9) Ирактағы халықаралық бітімгершілік операцияға бітімгерлер ретінде қатысқан Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері;</p> <p>10) Таулы Қарабахтағы этносаралық қақтығысты</p>	Отан қорғаушылар күні	100 000

		реттеуге қатысқан әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары.		
3		<p>1) 1986-1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарларын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтарға тікелей қатысқан адамдар;</p> <p>2) 1988-1989 жылдардағы Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарын жоюға қатысушылар қатарындағы, қоныс аудару күні құрсақта болған балаларды қоса алғанда, оқшаулау және көшіру аймақтарынан Қазақстан Республикасына қоныс аударылған (өз еркімен кеткен) адамдар;</p> <p>3) Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынақтардың салдарынан мүгедек болған адамдар және мүгедектігі ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуымен генетикалық байланысты олардың балалары.</p>	Чернобыль АЭС-дагы апатты жою күні	100 000

4	Бірінші, екінші, үшінші топ мұгедектері	Қазақстан Республикасының Конституциясы күні	50 000
5	Мұгедектік тобы белгіленген тұлғаларды қоспағанда, бала мұгедегі	Қазақстан Республикасының Конституциясы күні	50 000

Аббревиатураны таратып жазу:

АЭС-атом электр станциясы;

КСР-Кеңестік Социалистік Республикалар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК